

**Ақтау қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 29 мамырдағы № 1089 "Ақтау қаласында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын белгілеу туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Маңғыстау облысы Ақтау қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 18 мамырдағы № 864 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2020 жылғы 19 мамырда № 4215 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңына сәйкес, сонымен қатар "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Маңғыстау облысы әділет департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің 2020 жылғы 4 ақпандағы № 10-15-291 ұсынысының негізінде, Ақтау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтау қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 29 мамырдағы № 1089 "Ақтау қаласында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3651 болып тіркелген, 2018 жылғы 19 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. "Ақтау қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі (аппарат басшысы А.Хадиев) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын және интернет-ресурста орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтау қаласы әкімінің орынбасары Г.Алдашеваға жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ақтау қаласының әкімі*

*Г. Ниязов*